



Пітір садақасына қатысты сұрақтар

وَذَكِّرْ فَإِنَّ الذِّكْرَی تَنْفَعُ الْمُؤْمِنِیْنَ

Ескерт! Өйткені ескерту мүміндерге пайда береді

Мазмұны

- Пітір садақасының үкімі қандай?
- Пітір садақа не үшін?
- Пітір садақаның уақыты қашан?
- Пітір садақаның мөлшері
- Пітір садақаны ақшалай беруге болады ма?
- Құрсақтағы баланың пітір садақасы



Пітір садақасының үкімі қандай?

Құрметті ғалым Абдульазиз ибн Баз (Аллаһ оны рахым етсін) айтады:

Пітір садақа беру - кез-келген мұсылманның, кішкентай немесе үлкен, еркек немесе әйел, еркін адам немесе құлдың міндеті.

Сенімді жолмен келген хадисте, Ибн Омар (Аллаһ оған разы болсын) айтады:

"Аллаһ Елшісі ﷺ құрмадан бір соъ (шамамен 3 кг) немесе арпадан бір соъ пітір садақасын беруді, кез-келген мұсылман еркек пен әйелге, кіші мен үлкенге, еркін адам мен құлға парыз қылды. Және оны айт намазына шықпай тұрып беруді бұйырды".

فتاوى ابن باز: (١٤ / ١٩٧)



Пітір садақа не үшін?

Абдуллаһ ибн Аббас (Аллаһ оған және әкесіне разы болсын) айтады:

"Аллаһ Елшісі ﷺ пітір садақасын ораза ұстаушыдан шыққан бос сөз бен ұятсыз сөздерден тазарту үшін және кедейлерге ішетін азық болу үшін парыз еткен. Кімде-кім пітір садақаны айт намазына дейін берсе, ол (пітір ретінде) қабыл болады. Ал, кімде-кім айт намазынан кейін берсе, жәй садақалардың бірі болады".

في صحيح أبي داود



Пітір садақаның уақыты қашан?

Құрметті ғалым Абдульазиз ибн Баз (Аллаһ оны рахым етсін) айтады:

"Рамазан айының жиырма сегізі және жиырма тоғызы және отызы және айтқа дейінгі түнде, айт намазына дейін таңертең беріледі".

فتاوى ابن باز: (٣٣-١٤/٣٢)

28 ✓
29 ✓
30 ✓

Пітір садақаның мөлшері

Құрметті ғалым Абдульазиз ибн Баз (Аллаһ оны рахым етсін) айтады:

"Пітір садақаның мөлшері: тұрғылықты халқы тамаққа қолданатын азық-түліктен бір соъ береді. Килограммен есептегенде шамамен үш килограмм".

فتاویٰ ابن باز: (۱۴ / ۲۰۳)



Пітір садақаны ақшалай беруге болады ма?

Құрметті ғалым, муфтий Абдульазиз ибн Баз (Аллаһ оны рахым етсін) айтады:

"Оған пітір садақаны ақшалай беруге болмайды. Пітір садақасы тамақтай беріледі. Өйткені Аллаһ елшісі ﷺ азық-түлікпен беруді парыз қылды, бір соъ (шамамен 3 кг) құрманы немесе бір соъ арпаны, бір соъ мейізді немесе бір соъ ірімшіктен парыз еткен. Яғни бір соъ (шамамен 3 кг) болатын елдің негізгі азығы.

Ғұламалардың көпшілігі пітір садақаны азықпен беруді міндет қылады (Уәжіп). Пітір садақасын ақшалай беруге болмайды".



Пітір садақаны ақшалай беруге болады ма?

Құрметті ғалым Мұхаммад ибн Солих аль-Усеймин (Аллаһ оны рахым етсін) айтады:

"Пітір садақасын ақшалай беруге болмайды. Өйткені азық-түлікпен беруге парыз қылынды".

فتاوی: (۲۶۵ / ۱۸)



Құрсақтағы баланың пітір садақасы

Құрметті ғалым Мухаммад ибн Солих аль-Усеймин (Аллаһ оны рахым етсін) айтады:

"Құрсақтағы бала үшін пітір садақасы парыз емес, алайда берген мустахаб (абзал) болып табылады".

فتاوى ابن عثيمين: (٢٦٣ / ١٨)

Ескертулер

Дайындаған: Сәтімжан абу Муса

<https://t.me/mudhakkir>